



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары

2022 жылғы 23 маусымдағы
№ ДС-209-депутаттық сауалға

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Сіздердің Орталық ғылыми кітапханаға қатысты жолдаған депутаттық сауалдарыңыз бойынша төмендегіні хабарлайды.

1. *Ғылыми кітапхана дербес мекеме болуы тиіс. Ғылым және жоғары білім министрілігі Ұлттық ғылым академиясы аясында Орталық ғылыми кітапхана мәртебесі қайта берілуі керек. Осыған сәйкес, қызметкерлердің жалақысын қайта қарастырып, халықаралық байланыстарды жиілендіру маңызды;*

Бұрынғы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрамында болған Орталық ғылыми кітапханасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 ақпандағы №84 қаулысымен «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрамына енгізілген. Бүгінгі күні Орталық ғылыми кітапхананы кәсіпорынның жетекші құрылымдық бөлімдерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты, Орталық ғылыми кітапхананы «ҚР ҰҒА» республикалық қоғамдық ұйымының құрылымына беру мүмкін емес.

Мемлекет басшысының жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «ҚР ҰҒА» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы тапсырмасын орындау мақсатында ҚР ҰҒА-ны қайта ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлаймыз.

2022 жылғы 30 маусымда «Ғылым туралы» ҚР Заңына ҚР ҰҒА қызметіне қатысты өзгерістер енгізілді.

ҚР Қаржы министрлігі 2022 жылғы 12 шілдедегі №006-ДБ/Д-6523//21-01/3500//22-32-31.259 хатымен ҚР ҰҒА қызметін қаржыландыруға 511 311 мың теңге бөлінгенін хабарлайды.

Сондай-ақ, Министрлік ҚР ҰҒА Жарғысының жобасын әзірледі және қызмет түрлерін ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен келісті, 2022 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек Алматы қаласында ҚР ҰҒА Президиумымен және Ғылым

және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми ұйымдарының басшыларымен жұмыс кездесуін өткізді.

Жұмыс кездесуінің нәтижелері бойынша Министрліктің бұйрығымен ҚР ҰҒА мәртебесін өзгерту бойынша негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеумен айналысатын ҚР ҰҒА-мен бірлескен жұмыс және сараптама топтары құрылды.

ҚР ҰҒА-ны қайта құру жұмыстары жалғасуда.

Кітапхана және музей қызметкерлерінің және кітапханашылардың жалақысын ұлғайту мәселесі қазіргі уақытта жаңадан құрылған Ғылым және жоғары білім министрлігі мен ҚР Қаржы министрлігінің қарауында.

2022 жылғы 1 шілдеде республикалық бюджет комиссиясының қарауына 2023-2025 жылдарға «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК кітапханашыларының, кітапхана және музей қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға бюджеттік өтінім енгізілді.

2. Ғылыми кітапханада арнайы реставрация бөлімі және зертхана ашылуы тиіс. Қазақ халқының тарихына қатысты құнды деректер шоғырланған ғылыми кітапхана қорын жан-жақты зерттеу, ғылыми айналымға енгізу ісі арнайы бағдарлама аясында жүргізілуі тиіс. Сарапшылар сирек кездесетін кітаптар мен көне қолжазбалар қорының құнын қайта бағалауы керек.

3. Цифрландыру жұмысы қарқынды жүргізілуі тиіс. Сирек кітаптар мен көне қолжазбалар бөлімінің ережесі бойынша оқырманға құнды басылымдардың диджитал нұсқасы берілуі керек.

Ағымдағы жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан «Ғылым ордасы» РМК құрамындағы Орталық ғылыми кітапхана мен Ғылыми архив және музейлер қорында сақталған еліміздің бай тарихи-мәдени мұрасының бірегей жәдігерлері болып табылатын сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды, архив құжаттарын және музей экспонаттарын қалпына келтіру мақсатында Реставрациялау және консервациялау зертханасын, кітап қорын сандық форматқа ауыстыру үшін өндірістік жылдам сканерлер, сандық форматқа көшірілген материалдарды өңдейтін және сақтайтын құрылғылар (серверлер, бағдарламалар), баспа ісіне қажетті ризографтарды және т.б. қосымша құрал жабдықтарды сатып алу үшін 1 158,6 млн. теңге бөлінген.

Осыған байланысты, «Ғылым ордасы» РМК жоғарыда аталған жабдықтарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс жариялады.

Жоғарыда көрсетілген шараларды қабылдау Ғылым және жоғары білім министрлігіне сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларын толық қалпына келтіруді жүргізуге, оларды цифрлық форматқа көшіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл ғалымдарға сирек кітаптар мен көне қолжазбаларға қол жеткізуді және оларды ғылыми айналымға енгізуді қамтамасыз етеді.

Министр

А. Аймағамбетов

Ахметов Б., 74-24-62



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов, Республика Казахстан, KZ, IIN820614350411, КАНАТОВИЧ